

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандағы  
№ 51 бұйрығына 53-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 598 -қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған  
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика»  
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – бастапқы математикалық сауаттылықты қалыптастырудың негізін қалау, білім алушыларға математикалық білімдер, қабілеттілік пен дағдылар негіздерін беру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушылардың есептеу дағдылары мен арифметикалық есептер шығару қабілеттерін қалыптастыру;

2) жалпы зияткерлік қабілеттері мен дағдыларын дамыту – танымдық іс-әрекеттерін белсендету: көру және есту арқылы қабылдауын дамыту, ой операцияларын қалыптастыру;

3) оқу және практикалық проблемаларды шешу, геометриялық құрылымдарды орындау, математикалық зерттеулер жүргізу және арифметикалық алгоритмдерін қолдану қабілеттерін дамыту;

4) сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және тұлғалық қасиеттерін дамыту: жауапкершілік, білуге құмарлық, мақсаттылық, тәуелсіздік;

5) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту: командада жұмыс істеу дағдыларын, өз пікірін білдіре білуін, жетекшілік қадір-қасиетін;

б) оқу іс-әрекеттері дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) тілдің физиологиялық және психологиялық базасын дамыту: есту-тілдік және көру жадын, есту және көру зейінін, көрнекілік-практикалық және көрнекілік-бейнелік ойлауын;

2) сөйлеу тілін дамыту, практикалық қолданыс барысында сөздік қорын анықтау және кеңейту;

3) өз ойын нақты білдіру дағдыларын жетілдіру, пікірін білдіру мен дәлелдеу барысында өз бетінше сөйлей білуін қалыптастыру;

4) ақыл-ойлық іс-әрекеттерін және олардың ауызша, жазбаша және ішкі тілдегі «қадамдық» бекуін қалыптастыру;

5) практикалық жұмыстарды атқару барысында қимыл-қозғалыстардың келістілігі арқылы «көз-қол» үйлестірушілік механизмін жетілдіру.

## **2- тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

6. Тұлғаға-бағдарланған тәсіл, оқу-тәрбие процесін білім алушылардың жекелік ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, ұйымдастыруға бағытталады, және де білім алушылардың бейімделушілік, әлеуметті-белсенділік келбеттерін қалыптастырып, өзара түсініушілік, ынтымақтастық, өздеріне деген сенімділік, өз таңдаулары үшін жауапкершілік сияқты сезімдерін оятуға мүмкіндік береді.

7. Коммуникативті-әрекеттшілдік тәсіл, оқу процесін табиғи қарым-қатынас жағдайына максималды жақындатылуын қамтамасыз етуге бағытталады, бұл тәсіл, оқытуды әлеуметтендірудің басты мақсаты ескеріле отырып, қолданылады.

8. Жеке және саралап оқыту тәсілі, тілдік бұзылымның құрылымы, тілдік және коммуникативтік мүмкіндіктері, жекелеп оқыту қарқыны және білім кеңістігіндегі жылжуы ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

9. Жүйелі-әрекетшілдік тәсіл, «жетекші іс-әрекет» түсінігіне негізделеді. Ауыр тілдік бұзылымдары бар білім алушыларды оқыту барысында заттық-практикалық іс-әрекет қолданылады, ал бұл уәждемелі тіл қатынасына жағдайлар жасайды.

10. Оқытудың түзеу бағыттылығы, тіл бұзылымдарының механизмі мен құрылымы ескеріле отырып, құрастырылады және де тіл дамуының кемістіктерін түзеу бойынша мақсатты бағытты және жүйелі жұмыстар атқарылуын қарастырады.

11. Түзеу-дамыту жұмысы төмендегідей негізгі ережелерге сәйкес құрастырылады:

1) сезімталдық тәжірибені байыту арқылы мектепке дейінгі математикалық даму олқылықтарының орнын толтыру;

- 2) заттық-практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру;
- 3) оқытудың пропедевтикалық сипаты.
- 12. Тіл дамуының кемістіктерін түзеу жұмысының тәсілдері:
  - 1) дыбыс айтылымын үнемі бақылап отыру;
  - 2) математикалық терминология материалының сөздік құрылымын жетілдіру;
  - 3) синтаксикалық құрастырылымдарға математикалық терминдерді енгізу;
  - 4) білім алушылардың сөздігін анықтау, байыту және белсендету;
  - 5) есептер мәтінімен жұмыс;
  - 6) мәтіннің негізгі сөздерін ажырату;
  - 7) тапсырмаларды орындау үшін алгоритмдер, нұсқаулықтар құрастыру;
  - 8) жазбаша және ауызша түрде математикалық есептерді орындау тәсілдерін баяндау және түсіндіру;
  - 9) тапсырманы орындау процесінің сараптамасы (жазбаша және ауызша);
  - 10) ұсынылған сызбалар бойынша аргументтер, дәлелдемелер.
- 13. Оқытудың барлық кезеңдерінде педагогтың эмоционалдык, ұйымдастырушылық және бағыттаушылық сипаттағы көмегі іске асырылады.

### 3 - тарау. «Математика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

- 14. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
  - 1) 0-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 64 сағатты;
  - 2) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты;
  - 3) 2-сыныпта – аптасына 4сағат, оқу жылында 136 сағатты;
  - 4) 3-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
  - 5) 4-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.
- 15. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:
  - 1) «Сандар және өлшемдер» бөлімі;
  - 2) «Алгебра элементтері» бөлімі;
  - 3) «Геометрия элементтері» бөлімі;
  - 4) «Жиынтықтар. Логика элементтері» бөлімі;
  - 5) «Математикалық моделдеу» бөлімі.
- 16. «Сандар және өлшемдер» бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:
  - 1) натурал сандар және 0 саны, бөлшектер;
  - 2) сандармен амалдар орындау;
  - 3) шамалар және олардың өлшем бірліктері.
- 17) «Алгебра элементтері» бөлім і төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:
  - 1) сандық және әріптік өрнектер;
  - 2) теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулер.
- 18. «Геометрия элементтері» бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:
  - 1) геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі;

2) геометриялық фигураларды кескіндеу және салу;

3) нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты.

19) «Жиынтықтар. Логика элементтері» бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жиынтықтар және олармен орындалатын амалдар;

2) пікірлер;

3) тізбектер;

4) заттар комбинациялары.

20. «Математикалық моделдеу» бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

1) есептер және математикалық модель;

2) математикалық тіл.

21. 0-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сандар және өлшемдер»: натурал сандар және 0 саны; 10-ның шектеуінде тура, кері және реттілік санау; сан мен цифрдың ара қатынасын белгілеу, сандарды оқу, жазу, салыстыру; 10-ға дейінгі сандар құрамы; бірдей сандық топтармен санау (екіден); сандармен амалдар орындау; сандарды қосу және алу; 10 шектеуінде қосу және алу кестесі; 0 қасиеті; заттарды түрлі белгілері бойынша саралау және салыстыру (формасы, түсі, көлемі); кеңістіктік-көру, уақыттық ұғымдарды қалыптастыру;

2) «Геометрия элементтері»: қарапайым геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі; нүкте, түзу, кесінді; геометриялық фигураларды кескіндеу және салу; түзу, қисық сызықтар; кесінді; кеңістіктегі орналасуы, нысандар бағыты;

3) «Жиынтықтар. Логика элементтері»: жиынтықтар және олармен орындалатын амалдар; жиынтықтар, жиынтықтар жіктелуі; жиынтықтады салыстыру; тең жиынтықтар; тізбектер, сандар, әрекеттер реттілігі; заттар комбинациялары; заттардың «екіден» комбинациялары;

4) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель; қосу және алу бойынша қарапайым есептер сараптамасы және шешімі; математикалық тіл; сандардың көрнекілік бейнесі; «+», «-», «≠», «=» белгілері; сандық сәуле; қосу және алу әрекеттерінің компоненттері.

22. 1-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сандар және өлшемдер»: натурал сандар және 0 саны; 0-ден 20-ға дейінгі сандар реттілігі, тура, кері және реттілік санау; сандарды оқу, жазу, салыстыру; сандар құрамы; разрядтық құрам, разрядтық қосындылар; ондықтар; толық ондықтарды оқу және жазу, бірдей сандық топтармен санау (20 ішінде 2-ден, 3-тен); сандармен амалдар орындау; 20 шектеуінде қосу және алу, толық ондықтарды қосу және алу; қосу мен алудың өзара керілігі; қосудың ауыстырмалық қасиеті; 1 және 0 қасиеті; 10 шектеуінде қосу және алу кестесі; шамалар және олардың өлшем бірліктері; ұзындық(см,дм), масса(кг), көлем(сыйымдылық), уақыт(минут,сағ) шамалары; шамаларды өлшеу,

салыстыру, түрлендіру; циферблат бойынша уақытты белгілеу; тиындармен операциялар;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер; сандық және әріптік өрнектерді құру, оқу, жазу; әріптік өрнектің мағынасы; әріптік өрнектерді теңдеулер құруға қолдану; өрнектерді, теңдіктер мен теңсіздіктерді салыстыру; теңдеулер; дұрыс және бұрыс теңдіктер; теңдеулерді шешу;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі; нүкте, түзу, қисық және бүгілме сызықтар, кесінді, сәуле, бұрыш; жалпақ, кеңістікті геометриялық фигуралар; геометриялық фигуралар жақтарын өлшеу, салыстыру; геометриялық фигураларды кескіндеу және салу; түзу, қисық және бүгілме сызықтар; кесінді; геометриялық фигуралардан композициялар; нысандардың орналасуы, бағыты; нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты; сандық сәуледегі нүктелердің орналасуы;

4) «Жиынтықтар. Логика элементтері»: жиынтықтар және олармен орындалатын амалдар; жиынтықтар, жиынтықтар жіктемесі; жиынтықтады салыстыру; тең жиынтықтар, бос жиынтық; пікірлер; дұрыс және бұрыс пікірлер; ребустар, логикалық есептер; тізбектер; сандар, әрекеттер реттілігі; заттар комбинациялары; заттардың «екіден» комбинациялары;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель; есептер шартын сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде моделдеу; түсініктер, терминдер; есептер сараптамасы және шешімі; кері есептер; есептерді шығару тәсілдері; математикалық іл; сандардың көрнекілік бейнесі; «+», «-», « $\neq$ », «=», « $>$ », « $<$ » белгілері; сандық сәуле; қосу және алу әрекеттерінің компоненттері; мәліметтер жинау, жүйелеу; кестелер, пиктограммалар, диаграммалар.

### 23. 2-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сандар және өлшемдер»: 100-дің шектеуіндегі сандар; тура, кері және реттілік санау; екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; разрядтық құрам; сандардың римдік нөмірленуі; 1000-дің шектеуіндегі сандарды жазу, санау және салыстыру; тура және кері санау; бірдей сандық топтармен санау (4-тен, 50 ішінде 5-тен); сандармен амалдар орындау; 2 және 3ке көбейту және бөлу; қосудың ауыстырмалық және байланыстырмалық қасиеттері; көбейтудің ауыстырмалық қасиеті; бір таңбалы сандардың ондықтарға өтуі арқылы қосу кестесі; 2-ге, 3-ке көбейту және бөлу кестесі; бір таңбалы сандарды ондықтарға өтуі арқылы қосу және алу; екі таңбалы сандарды қосу және алу; шамалар және олардың өлшем бірліктері; өлшеу аспаптарының шкалалары; шамалар мағыналарын салыстыру: ұзындықтың, массаның, көлемнің, уақыттың; ұзындық, масса, уақыт өлшем бірліктерін түрлендіру; тиындар және олармен операциялар;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер; қосу және көбейтудің қасиеттері; санды 1 ге көбейту, санды 1 ге бөлу; әріптік өрнектер, жақшамен және жақшасыз сандық өрнектер; теңдіктер мен теңсіздіктер; теңдеулер; теңдеулерді шешу; күрделі құрамды теңдеулер;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі; бұрыштардың түрлері; көпбұрыштар жіктемесі; бұрыш, шаршы, тікбұрышты үшбұрыш белгілері; геометриялық фигураның жағын табу; периметрді табу формуласы; геометриялық фигураларды кескіндеу және салу; кесінділер мен түзулер; тік бұрыш; жалпақ фигуралар моделдері; жалпақ фигураларды құру; бастапқы позицияны анықтау, бағыт және қозғалыс; нүктелер координаттары және бағыты; түзудегі нүктелердің орналасуы;

4) «Жиынтықтар. Логика элементтері»: жиынтықтар және олармен орындалатын амалдар; жиынтықтарды диаграммалар көмегімен бейнелеу; сандық жиынтықтар жіктемесі; жиынтықтар элементтері; жиынтықтарды біріктіру және қиылыстыру; пікірлер; шынайы және жалған пікірлер; бас қатырғыштар; логикалық есептер; тізбектер; сандар реттілігіндегі заңдылық; заттар комбинациялары; заттардың «үштен» комбинациялары;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель; есептерді сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде моделдеу; есептер сараптамасы және шешімі; шамалар арасындағы байланысқа есептер шығару; тура және жанама сұрақтары бар есептер; екі амалды есептер; сандық өрнек түріндегі амалды есептер; математикалық тіл; екі таңбалы сандардың графикалық моделі; латын алфавитінің бас әріптері;  $\in$  және  $\notin$  белгілері; мәліметтер жинау, кестелер және диаграммалар құру.

24. 3-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сандар және өлшемдер»: 1000 шектеуінде сандарды құру; тура және кері санау; натурал қатарындағы орын; сандарды оқу, жазу және салыстыру; сандардың разрядтық және кластық құрамы; разрядтық қосындылар қосындысы; мың; бөліктер: сан бөлігін, оқу, жазу, салыстыру, табу және санды бөлігі арқылы табу; сандармен амалдар орындау; бөлшектер; бөлшектерді салыстыру; санның квадраты, санның кубы; 0 және 1 сандарының көбейту және бөлудегі қасиеттері; көбейтудің ауыстырмалық, байланыстырмалық қасиеттері; 4; 5; 6; 7; 8; 9-ға көбейту және бөлу кестесі; қалдықпен бөлу; сандарды кестеден тыс көбейту және бөлу; қосынды мен көбейтіндіні санға бөлу; қосындыны санға көбейту; сандарды кестелік көбейту және бөлу; санның бөлігі, кері операция; шамалар және олардың өлшем бірліктері; палетка; шамаларды өлшеу, салыстыру, түрлендіру; сағаттар түрі: уақытты анықтау; қағаз ақшалар және олармен операциялар;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер; сандық және әріптік өрнектерді құру, оқу, жазу; әріптік өрнектің мағынасын табу; көбейтудің әріптік теңдеу түріндегі ауыстырмалық және байланыстырмалық қасиеттері; сандық өрнектерді салыстыру; жақшамен және жақшасыз өрнектердегі амалдар реті; теңдіктер мен теңсіздіктер; теңдеулер; теңсіздіктер мен теңдеулерді шешу;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі; шеңбер, дөңгелек, орталық, радиус, диаметр; симметриялық және симметриясыз фигуралар; тік төртбұрыштың, шаршының ауданы;

қиыстырылған фигуралар периметрі; берілген мәндері бойынша фигураларды құру; геометриялық фигураларды бейнелеу, құру; шеңбер құру; кеңістікті фигураны жаю; кеңістікті фигуралардың жайлары; нүктелер координаттары және бағыты; жалпақ фигурадағы нүктелердің орналасуы;

4) «Жиынтықтар. Логика элементтері»: жиынтықтар және олармен орындалатын амалдар; ішкіжиынтық; жиынтықтарды біріктіру және қиылыстыру; пікірлер; шынайы және жалған пікірлер; логикалық есептер; кестелер және бағандар; тізбектер; заңдылық; тізбектерді құру; заттар комбинациялары;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель; есепті моделдеу; есептер сараптамасы және шешімі; математикалық тіл; көп таңбалы сандардың графикалық моделдері; разрядтар және кластар кестесі; жиынтықтардың белгілері; латын алфавитінің әріптері; әрекеттер компоненттерінің атаулары; мәліметтер жинау, жүйелеу, салыстыру; диаграммалар, пиктограммалар.

25. 4-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сандар және өлшемдер»: көптаңбалы сандар, құрылуы; санның натурал қатарындағы орны; сандарды оқу, жазу және салыстыру; көп таңбалы сандарды дөңгелектеу; көп таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы; разрядтық қосындылардың қосындысы; миллион; бөлшектер; бөлшектерді салыстыру; дұрыс және бұрыс бөлшектер; аралас сандар; пайыз; сандармен амалдар орындау; бірдей бөлгіші бар бөлшектерді қосу және алу; қосу және көбейтудің қасиеттері; натурал сандардың жіктемесі; көптаңбалы сандарды қосу және алу; микрокалькулятордың көмегімен есептеу; сандарды 10, 100, 1000-ға көбейту және бөлу; санды қосындыға көбейту; санды көбейтіндіге көбейту және бөлу; көптаңбалы сандарды қалдықпен бөлу; бөлшектің негізгі қасиеті; бірдей бөлгіші бар бөлшектерді көбейту және бөлу; аралас сан мен бөлшекті түрлендіру; шамалар және олардың өлшем бірліктері; шамаларды өлшеу, салыстыру, түрлендіру; уақыт бірліктерінің бөліктері; шетелдік және ұлттық валюта, олармен операциялар;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер; өрнектер құру; бірнеше өзгертілмелері бар өрнектер; бөлшектерді қосу және алу алгоритмі; бөлшектің негізгі қасиеті; бөлшек сандары бар өрнектерді салыстыру; жақшамен және жақшасыз өрнектердегі амалдар реті; бірқалыпты түзу қозғалыс, ізінше және артта қалу қозғалысы барысындағы жол формулалары; қалдықпен бөлу формуласы; теңдіктер мен теңсіздіктер; теңдеулер; қос теңсіздіктер; теңдеулерді шешу;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі; тікбұрышты үшбұрыш, куб, тікбұрышты параллелепипед және олардың элементтері; үшбұрыштар жіктемесі; тікбұрышты параллелепипедтің көлемі; фигуралар ауданы; геометриялық фигураларды кескіндеу және салу; перпендикуляр түзулер; симметрия өсі; симметриялық және симметрия емес жалпақ фигуралар; бұрыштың градустық өлшемі; пирамиданың, цилиндрдің,

конустың жаймасы; нүктелер координаттары және бағыты; нысандар қозғалысының сызбасы; бастапқы позиция қозғалыс бағыты;

4) «Жиынтықтар. Логика элементтері»: жиынтықтар және олармен орындалатын амалдар; жиынтықтар арасындағы қатынастар сипаты; жиынтықтардың қиылысу және бірігу аумақтары; жиынтықтардың ауыстырмалық және байланыстырмалық қасиеттері; пікірлер; математикалық мазмұндағы пікірлер; пікірлердің шынайылығы және жалғандығы; логикалық есептер; тізбектер; сандар тізбектеріндегі заңдылық; тізбектерді құру; заттар комбинациялары; комбинаторлық есептер;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель; есепті моделдеу; есептер сараптамасы және шешімі; есептерді құру, салыстыру; есептерді шығару тәсілдері; есептер әрекеттерін моделдеу; есеп шығарудың арифметикалық және алгебралық тәсілдері; математикалық тіл; бөлшектерді құру, салыстыру; бөлшектермен жасалатын әрекеттер; латын алфавиті әріптерінің белгіленуі және оқылуы; пайыз бен бұрыштың градусық өлшемінің символы; қозғалыс графиктері, сызбалар.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

27. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

28. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Сандар және өлшемдер» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	0.1.1.1 натурал сандар және 0 саны құрылуын түсіну; 10-ныңшекте уінде тура	1.1.1.1 натурал сандар және 0 саны құрылуын түсіну; 10/11-20 шектеуінд	2.1.1.1 100 шектеуіндег і сандар құрылуын түсіну; 100 шектеуінде тура және кері санау;	3.1.1.1 1000 шектеуіндег і сандар құрылуын түсіну; 1000 шектеуінде тура және кері санау;	4.1.1.1 көп таңбалы сандардың құрылуын түсіну; 1 000 000 шектеуінд енатурал



	және кері санау; натурал қатарындағы санның орнын анықтау	е тура және кері санау; натурал қатарындағы санның орнын анықтау	натурал қатарындағы санның орнын анықтау	натурал қатарындағы санның орнын анықтау	қатарындағы санның орнын анықтау
	0.1.1.2 бір таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру	1.1.1.2 бір таңбалы 11-ден 20-ға дейін сандарды оқу, жазу, салыстыру	2.1.1.2 екі таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру	3.1.1.2 үш таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру	4.1.1.2 көп таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру, сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу
	0.1.1.3 10 шектеуіндегі біртаңбалы сандар құрамын, сандардың разрядтық құрамын анықтау	1.1.1.3 20 шектеуіндегі біртаңбалы сандар құрамын, сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосындылардың қосындысына бөлшектеу	2.1.1.3 екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосындылардың қосындысына бөлшектеу, 12 дейінгі сандардың римдік нөмірленуін оқу, жазу және қолдану	3.1.1.3 үш таңбалы сандардың разрядтық, кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, қосындылардың қосындысына бөлшектеу	4.1.1.3 көп таңбалы сандардың разрядтық, кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, қосындылардың қосындысына бөлшектеу
	0.1.1.4 сандардың натурал қатарында	1.1.1.4 онықтар санының ірілендіріл	2.1.1.4 жүздік есебінің ірілендірілг	3.1.1.4 мыңдық есебінің ірілендірілг	4.1.1.4 миллион есебінің ірілендіріл

	ғы әр санның орнын анықтау, қатардың алдыңғы және келесі элементтерін атау, жазу, салыстыру	ген бірлігін құру, 100-ге дейін ондықтармен санау, жазу, салыстыру	ен бірлігін құру, 1000 ға дейін жүздіктермен санау, жазу, салыстыру	ен бірлігін құру, 1 000 000 ға дейін мыңдықтармен санау, жазу, салыстыру	ген бірлігін құру, жүздік миллиондар шектеуінде жазу, санау, салыстыру
	0.1.1.5 10-ның шектеуінде тура және кері реттілікпен бір-бірлеп және 2ден топтастырып санау	1.1.1.5 20-ға дейін 2-ден топтастырып сандық топтармен тура және кері реттілікпен санау	2.1.1.5 50 ге дейін 3,4,5 тен топтастырып сандық топтармен тура және кері реттілікпен санау, жұп және тақ сандарды ажырату	3.1.1.5 бөліктің құрылуын көрсету	4.1.1.5 пайыз - бүтіннің жүздік бөлігі екенін түсіну
	0.1.1.6 заттық-практикалық іс-әрекет негізінде заттарды екі, төрт бөлікке бөлу	1.1.1.6 заттық-практикалық іс-әрекет негізінде 2,4,6,8,10 заттар санының жартысын табу	2.1.1.6 көрнекілікке сүйене отырып заттар тобының бірдей 2,3,4,5 бөліктерге бөлінуін көрсету	3.1.1.6 қарапайым бөлшектерді оқу, жазу; көрнекілікке сүйене отырып бірдей бөлгіші бар бөлшектерді салыстыру	4.1.1.6 бірдей бөлгіші бар және бірдей алымы бар бөлшектерді салыстыру; сандық сәулеледе салыстыру, дұрыс және бұрыс бөлшектерді, аралас сандарды ажырата

					білу
	0.1.1.7 көруге сүйене отырып мұғалім сұрақтары на жауап беру	1.1.1.7 мұғалім сұрақтары на қысқаша және толық сөйлеммен жауап беру	2.1.1.7 өз әрекетеріне түсінік беру барысында мұғалім сұрақтарын а қысқаша және толық сөйлеммен жауап беру	3.1.1.7 сабақ тақырыбы бойынша жауаптар мен сұрақтарды сауатты тұжырымдау	4.1.1.7 оқу диалогына белсенді араласу
1.2 Сандармен амалдар орындау	0.1.2.1 қосу, алу амалдарын және олардың белгілемелерін плюс, минус белгілерімен атау	1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиынтықтардың бірігуі ретінде, және алу амалын жиынтық бөлігін алып тастау ретінде түсіну	2.1.2.1 заттық-практикалық материал негізінде көбейтуді бірдей қосындыларды қосу ретінде және бөлуді элементтер жиынтығын мағынасы бойынша бірдей бөліктерге бөлшектеу ретінде түсіну	3.1.2.1 бөлшектерді – бүтіннің бір немесе бірнеше бөлігі және екі натурал санның бөліндісі ретінде түсіну, квадратты - екі бірдей көбейтінділердің көбейтіндісі ретінде және куб – үш бірдей көбейтінділердің көбейтіндісі ретінде түсіну	4.1.2.1 бірдей бөлгіші бар бөлшектерді қосу және алуды сәйкес алымдарды қосу және алу ретінде түсіну
	0.1.2.2 қосу және алу компоненттерін түсіну	1.1.2.2 қосу мен алу - өзара кері амалдар екенін	2.1.2.2 бірдей қосындылардың қосуын көбейтуге	3.1.2.2 0 және 1 қасиеттерін көбейту және бөлу барысында	4.1.2.2 0 және 1 қасиеттерін көптаңбалы

	және атау, заттық-практикалық материал негізінде алғашқы ондық шектеуіндегі бірдей қосындыларды қосу	түсіну, компоненттердің, амалдар нәтижелерінің арасындағы тәуелділікті анықтау, заттық-практикалық материал негізінде 20 –ның шектеуіндегі бірдей қосындыларды қосу қасиетін бақылау	ауыстыру және керісінше; мұндай ауыстырудың мақсаттылығын, көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсіну; компоненттер, амалдар нәтижелерінің арасындағы тәуелділікті бағытты көмек арқылы анықтау	қолдану; санды 0 ге бөлуге болмайтынын білу	сандармен арифметикалық амалдар орындау барысында қолдану
	0.1.2.3 0 және 1 қасиеттерін қосу және алу барысында қолдану	1.1.2.3 үлгі бойынша қосудың ауыстырмалық қасиетін, 1 және 0 қасиетін қолдану	2.1.2.3 көру тірегі арқылықосудың ауыстырмалық, байланыстырмалық қасиеттерін және көбейтудің ауыстырмалық қасиетін есептеулерді оңтайландыру үшін қолдану	3.1.2.3 сөздік нұсқау бойынша көбейтудің ауыстырмалық, байланыстырмалық, орналастырмалық қасиеттерін есептеулерді оңтайландыру үшін қолдану	4.1.2.3 дайын алгоритм бойынша қосу және көбейту қасиеттерін көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізу барысында қолдану
	0.1.2.4	1.1.2.4	2.1.2.4	3.1.2.4	4.1.2.4

	ондықтар арқылы өткізбей біртаңбалы сандарды қосу кестесін білу	ондықтар арқылы өткізбей біртаңбалы сандарды қосу кестесін құру, білу және қолдану	ондықтар арқылы өткізіп біртаңбалы сандарды қосу кестесін құру, білу және қолдану; 2,3 ке көбейту және бөлу кестесін құру, білу және қолдану	4; 5; 6; 7; 8; 9ға көбейту және бөлу кестесін құру, білу және қолдану	2, 5, 10ға бөліну белгілері негізінде натурал сандарын жіктеу
0.1.2.5 1- 10 шектеуінде санды өсіру және азайту	1.1.2.5 ондықтар арқылы өткізбей біртаңбалы сандармен, 20 ның шектеуіндегі екітаңбалы және біртаңбалы санды қосу және алу амалдарын ауызша орындау	2.1.2.5 ондықтар арқылы өткізіп біртаңбалы сандармен қосу және алу амалдарын ауызша орындау, 300+200 (3ж.+2ж.), 170-130 (17 онд.-13 онд.) түрлерін қосу және алу	3.1.2.5 үштаңбалы сандармен олардың ондық құрамы негізінде қосу және алу амалдарын ауызша орындау	4.1.2.5 ондық құрамы негізінде көптаңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау; микрокалькулятор көмегімен есептеулер	
0.1.2.6 ондықтар арқылы өткізбей 10 шектеуінде қосу	1.1.2.6 ондықтарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау	2.1.2.6 40+17, 57-40, 57-17, 35±12 сияқты жағдайларда ондықтар	3.1.2.6 педагогтың бағыттаушы көмегімен біртаңбалы санға қалдықпен	4.1.2.6 10, 100, 1000ға қалдықсыз бөлу	

	және алу амалдарын ауызша орындау		арқылы өткізбей екі таңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау	бөлу	
			2.1.2.7 45±9, 40-14, 100-35 сияқты жағдайларда ондықтар арқылы өткізіп сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау	3.1.2.7 : 17:5, 96:6, 75:15, 84:4 сияқты жағдайларда кестеден тыс көбейту және бөлу	4.1.2.7 екі-, үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту және бөлу
			2.1.2.8 алгоритм бойынша 34+23, 57-23, 45±19, , 47+33, 80-47, 100-35 сияқты жағдайларда екі таңбалы сандарды қосу және алу	3.1.2.8 алгоритм бойынша үш таңбалы сандарды қосу және алу	4.1.2.8 дайын алгоритм бойынша көп таңбалы сандарды қосу және алу
				3.1.2.9 бағыттаушы көмек арқылы қосынды мен	4.1.2.9 бағыттаушы көмек арқылы санды қосындыға

				көбейтіндінің бір таңбалы санға бөлу ережелерін қолдану, 100 шектеуіндегі сандарды ауызша көбейту барысында қосындыны санға көбейту	көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолдану
				3.1.2.10 23·2, 123·2, 46:2, 246:2 сияқты жағдайларда дайын алгоритм бойынша екі-, үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту және бөлу	4.1.2.10 сөздік нұсқау бойынша көп таңбалы сандарды бір-, екі-, үш таңбалы сандарға қалдықпен бөлу
				3.1.2.11 28·3, 269·2, 84:3, 538:2 сияқты жағдайларда екі-, үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту және бөлу алгоритмін	4.1.2.11 екі-, үш таңбалы санға көбейту және бөлу алгоритмін қолдану

				қолдану	
				3.1.2.12 дайын алгоритм бойынша нөлмен аяқталатын үш таңбалы сандарды бір таңбалыға көбейту және бөлу	4.1.2.12 дайын алгоритм бойынша нөлмен аяқталаты н көп таңбалы сандарды бір-, екі-, үш таңбалы сандарға көбейту және бөлу
				3.1.2.13 дайын алгоритм бойынша бөліндінің разрядтары ның бірінде нөл бар болса үш таңбалы санды бір таңбалыға бөлу	4.1.2.13 дайын алгоритм бойынша бөліндінің жазбасынд а нөл бар болса көп таңбалы санды бір-, екі-, үш- таңбалыға бөлу
				3.1.2.14 педагогтың бағыттаушы көмегімен санның/шам аның бөлігін және бөлігі бойынша санын/шама сын табу: 100дің шектеуіндег і санның	4.1.2.14 бірлескен әрекет деңгейінде аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға түрлендіру



				және жүздік санның жартысын, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу	
					4.1.2.15 үлгі бойынша бірдей бөлгіші бар бөлшектерді қосу және алу
	0.1.2.16 сандық зат есімдіктер мен сан есімдіктерді келістіру	1.1.2.16 сандық және реттілікті зат есімдіктерді және сан есімдіктерді келістіру	2.1.2.16 жанама септіктегі зат есімдіктерді және сан есімдіктерді келістіру	3.1.2.16 зат есімдіктердің септік формаларын сандық сан есімдіктермен бірге қолдану	4.1.2.16 өз бетінше сөйлеу барысында сан есімдіктерді дұрыс қолдану
1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері	0.1.3.1 негізгі геометриялық формаларды ажырату (шеңбер, сопақша, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш)	1.1.3.1 шамаларды ажырату: ұзындық, масса, көлем (сыйымдылық), уақыт; бұларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау	2.1.3.1 түрлі өлшеу аспаптарының шкалаларын ажырату және олармен шамалардың тиісті мәнін анықтау	3.1.3.1 заттар бетінің ауданын өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, палеткамен өлшеу	4.1.3.1 кеңістікті геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, текшелермен өлшеу (1 см <sup>3</sup> )
	0.1.3.2	1.1.3.2	2.1.3.2	3.1.3.2	4.1.3.2

	заттарды формасы, түсі, өлшемі бойынша салыстыру	өлшем бірліктері бойынша шамаларды өлшеу : см, дм,кг,л, сағ	өлшем бірліктері бойынша шамаларды өлшеу: м,ц,мин, тәулік	өлшем бірліктері бойынша шамаларды өлшеу: мм, км, г, т,см <sup>2</sup> , дм <sup>2</sup> , м <sup>2</sup> ,секунд	өлшем бірліктері бойынша шамаларды өлшеу:мм <sup>3</sup> , см <sup>3</sup> , дм <sup>3</sup> , м <sup>3</sup> , га, ар,мг
	0.1.3.3 заттарды ұзындығы, массасы, сыйымдылығы бойынша салыстыру	1.1.3.3 шамалардың мәндерін салыстыру ұзындық: см, дм, масса: кг, көлем (сыйымдылық): л, уақыт: сағ және шамалар мәнімен қосу, алу амалдарын орындау	2.1.3.3 шамалардың мәндерін салыстыру ұзындық: см, дм, м, масса: кг, ц, көлем (сыйымдылық): л, уақыт: сағ, мин, тәулік, апта, ай, жылжәне шамалар мәнімен қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын орындау	3.1.3.3 шамалардың мәндерін салыстыру ұзындық: мм, см, дм, м, км,масса: г, кг, ц, т, көлем (сыйымдылық): л, аудан: см <sup>2</sup> , дм <sup>2</sup> , м <sup>2</sup> , уақыт: секунд,мин, сағ,тәулік, апта, ай, жыл, ғасыржәне шамалар мәнімен арифметикалық амалдар орындау	4.1.3.3 шамалардың мәндерін салыстыру ұзындық:м, см, дм, м, км/масса: г, кг, ц, т/көлем (сыйымдылық): л, мм <sup>3</sup> , см <sup>3</sup> , дм <sup>3</sup> , м <sup>3</sup> / аудан: мм <sup>2</sup> , см <sup>2</sup> , дм <sup>2</sup> , м <sup>2</sup> , ар, га/ в уақыт: секунд, мин, сағ, тәулік, жыл, ғасыржәне шамалар мәнімен арифметикалық амалдар орындау
	0.1.3.4 см арқылы кесіндінің ұзындығы	1.1.3.4 үлгі бойынша араларынд	2.1.3.4 араларындағы ара қатынастар	3.1.3.4 араларындағы ара қатынастар	4.1.3.4 араларындағы ара қатынаста

	<p>н анықтау, сызғыштың көмегімен берілген ұзындықтағы кесіндіні белгілеу</p>	<p>ағы ара қатынастары негізінде ұзындықтың өлшем бірліктерін түрлендіру : см, дм</p>	<p>ы негізінде өлшем бірліктерін түрлендіру: ұзындықтың: см, дм, м, массаның: кг, ц, уақыттың: сағ, мин, тәулік, ай, жыл</p>	<p>ы негізінде өлшем бірліктерін түрлендіру: ұзындықтың: мм, см, дм, м, км/ массаның г, кг, ц, т/ауданның: см<sup>2</sup>, дм<sup>2</sup>, м<sup>2</sup>/ уақыттың: секунд, мин, сағ, тәулік, жыл, ғасыр</p>	<p>ры негізінде өлшем бірліктерін түрлендіру : ұзындықтың: мм, см, дм, м, км/ массаның: г, кг, ц, т/ауданның: мм<sup>2</sup>, см<sup>2</sup>, дм<sup>2</sup>, м<sup>2</sup>, ар, га/көлемнің: см<sup>3</sup>, дм<sup>3</sup>, м<sup>3</sup>, мм<sup>3</sup>/ уақыттың: секунд, мин, сағ, тәулік., жыл, ғасыр</p>
	<p>0.1.3.5 кеше, бүгін, күндіз, түн, таң, кеш түсініктері н білу</p>	<p>1.1.3.5 12 сағаттық форматтағы сағаттың циферблаты бойынша уақытты анықтау, уақыт өлшемінің бірліктерін ажырата білу: минут, сағ, күндіз, апта, ай,</p>	<p>2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағатжәне минут</p>	<p>3.1.3.5 сағат түрлері бойынша уақытты анықтау: сағат, минут, секунд</p>	<p>4.1.3.5 уақыт бірлігінің бөліктерін анықтау (сағаттың <math>1/60 = 1</math> минут; сағаттың <math>1/2 = 30</math> мин; аптаның <math>1/7 = 1</math> күн)</p>

		жыл			
		1.1.3.6 тиындармен түрлі операциялар жүргізу 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг	2.1.3.6 50 тг, 100 тг тиындарды, 200 тг, 500 тг қағаз ақшаларды ажырата білу, олармен түрлі операциялар жүргізу	3.1.3.6 1000 тг, 2000 тг, 5000 тг қағаз ақшаларды ажырата білу, олармен түрлі операциялар жүргізу	4.1.3.6 10 000 тг, 20 000 тг қағаз ақшаларды және басқа мемлекеттердің валюталарын рубль, евро, доллар) ажырата білу, олармен түрлі операциялар жүргізу
	0.1.3.7 түсі, формасы, көлемі бойынша заттарды ажырата отырып олардың белгісін түсіну және атау	1.1.3.7 түсі, формасы, көлемі, массасы, ұзындығы бойынша заттарды ажырата отырып олардың белгісін түсіну	2.1.3.7 көлемдік және жалпыламалық түсініктерді білу және қолдану	3.1.3.7 сын есімдіктердің салыстыру дәрежелерін түсіну және қолдану, дерексіз және жалпылама мәні бар сөздерді қолдану	4.1.3.7 дерексіз және абстрактты мәні бар сөздерді түсіну және қолдану

2) «Алгебра элементтері» бөлімі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Сандық және	0.2.1.1 сандық өрнектерді	1.2.1.1 сандық және	2.2.1.1 сандық және	3.2.1.1 бір, екі айнымалыс	4.2.1.1 сандық және

әріптік өрнектер	құру, оқу, жазу және тану (қосындыларды, айырмаларды)	әріптік өрнектерді құру, оқу, жазу және тану (қосындыларды, айырмаларды), теңдіктер мен теңсіздіктер	әріптік өрнектерді құру, оқу, жазу және тану (көбейтінді, бөлінді)/ теңдіктер мен теңсіздіктер	ы бар өрнектерді құру, оқу, жазу және тану	әріптік өрнектерді түрлендіру
	1.2.1.2 берілген әріп мәні бойынша бір амалмен әріптік өрнектің мәнін табу	1.2.1.2 берілген әріп мәні бойынша бір амалмен әріптік өрнектің мәнін табу	2.2.1.2 берілген әріп мәні бойынша екі амалмен әріптік өрнектің мәнін табу	3.2.1.2 айнымалылардың берілген мәні бойынша екі айнымалысы бар өрнектің мәнін табу	4.2.1.2 айнымалылардың берілген мәні бойынша бірнеше айнымалысы бар өрнектің мәнін табу
					4.2.1.3 айнымалысы бар өрнектер құру және оларды есептер шығаруға қолдану
	1.2.1.3 қосу және алу арасындағы байланыстарды әріптік теңдік ретінде	1.2.1.3 қосу және алу арасындағы байланыстарды әріптік теңдік ретінде	2.2.1.3 көру тірегі арқылы қосу және көбейтудің қасиеттерін әріптік теңдік ретінде келтіру	3.2.1.3 көру тірегі арқылы көбейтудің бөліндісін айланастырмалық және орналастырмалық қасиеттерін әріптік	4.2.1.4 дайын алгоритм бойынша бірдей бөлінгіші бар жай бөлшектердің қосуы мен алуын

		келтіру және қолдану: $a+b=c$ , $c-a=b$ , $c-b=a$	және қолдану: $a+b=b+a$ , $(a+b)+c=a+(b+c)$ , $ab=ba$	теңдік ретінде келтіру және қолдану: $(ab)c=a(bc)$ , $a(b+c)=ab+ac$ , $a(b-c)=ab-ac$	әріптік теңдік ретінде келтіру және қолдану: $\frac{a}{n} + \frac{b}{n} = \frac{a+b}{n}$ И $\frac{a}{n} - \frac{b}{n} = \frac{a-b}{n}$
		1.2.1.4 қосу және алу барысында 0 қасиеттері н әріптік теңдік ретінде келтіру: $a+0=a$ , $a-0=a$	2.2.1.4 санды 1ге көбейту, 1ге бөлу қасиеттерін әріптік теңдік ретінде келтіру: $a \cdot 1=a$ , $a:1=a$	3.2.1.4 санды 0ге көбейту $a \cdot 0=0$ ; 0ге бөлуге болмайтын қасиеттерін әріптік теңдік ретінде келтіру: $a \neq 0$	4.2.1.5 дайын алгоритм бойынша бөлшектің негізгі қасиетін әріптік теңдік ретінде келтіру: $\frac{a}{n} = \frac{a \cdot k}{n \cdot k}$ $\frac{a}{n} = \frac{a:k}{n:k}$ , $k \neq 0$
		1.2.1.5 жақшасыз әріптік өрнектерді, сандық өрнектерді салыстыру	2.2.1.5 2-ден аса арифметикалық амалдары бар жақшамен және жақшасыз сандық өрнектерді салыстыру	3.2.1.5 сөздік нұсқау бойынша 3 тен аса арифметикалық амалдары бар сандық өрнектерді салыстыру	4.2.1.6 сөздік нұсқау бойынша бірдей бөлінгіші бар бөлшектік санды өрнектерді салыстыру
			2.2.1.6	3.2.1.6	4.2.1.7

			екі, үш арифметикалық амалдары бар жақшамен және жақшасыз өрнектердің мәнін табу, және амалдар ретін белгілеу	төртке дейін арифметикалық амалдары бар жақшамен және жақшасыз өрнектердің мәнін табу, және амалдар ретін белгілеу	төрттен көп арифметикалық амалдары бар жақшамен және жақшасыз өрнектердің мәнін табу, және амалдар ретін белгілеу
				3.2.1.7 формулаларды шамалар арасындағы өзара байланысты белгілейтін теңдіктер ретінде түсіну	4.2.1.8 бірлескен әрекет деңгейінде формулаларды шығару және қолдану: бірқалыпты түзу қоғалыс жолын $s=v \cdot t$ , $t=s:v$ , $v=s:t$ / ізінше және артта қалып жүру формулаларын, санның қалдықпен бөлінуін $a=b \cdot c+r$
	0.2.1.9 бағыттауш	1.2.1.9 көру тірегі	2.2.1.9 көру тірегі	3.2.1.9 сөйлеу	4.2.1.9 сөйлеу

	ы көмек арқылы математикалық терминдерді айту	арқылы математикалық терминдерді айту	арқылы тілде математикалық терминдерді қолдану	тілінде меңгерген математикалық терминдерді қолдану	тілінде меңгерген математикалық терминдерді белсенді түрде қолдану
2.2 Теңдіктер және теңсіздіктер. Теңдеулер	0.2.2.1 теңдіктер мен теңсіздіктерді түсінік деңгейінде тану	1.2.2.1 теңдіктер мен теңсіздіктерді, теңдеулерді тану, дұрыс және бұрыс теңдіктерді ажырата білу	2.2.2.1 $x < \square$ және $x > \square$ түріндегі теңсіздіктер үшін жарамды сандарды анықтау	3.2.2.1 қарапайым теңсіздіктердің жиынтық шешімдерін табу	4.2.2.1 бірлескен әрекет деңгейінде қос теңсіздіктердің жиынтық шешімдерін табу
		1.2.2.2 таңдау тәсілі және қосу мен алу байланысы негізінде теңдеулер шешу	2.2.2.2 көбейту және бөлу амалдары бар қарапайым теңдеулерді; $x + (25 - 6) = 38$ ; $(24 - 3) - x = 8$ ; $a + 6 = 7 + 80$ түріндегі күрделі құрылымды теңдеулерді шешу	3.2.2.2 бағыттаушы көмек арқылы көбейту және бөлу амалдары бар қарапайым теңдеулерді; $x \cdot (25 : 5) = 60$ ; $(24 - 3) : x = 6$ ; $x : (17 \cdot 2) = 2$ ; $k + 124 : 4 = 465$ түріндегі күрделі құрылымды теңдеулерді шешу	4.2.2.2 $39 + 490 : k = 46$ ; $230 \cdot a + 40 = 1000 : 2$ түріндегі теңдеулерді сөздік нұсқау бойынша шешу
	0.2.2.3	1.2.2.3	2.2.2.3	3.2.2.3	4.2.2.3



	сандық сан есімдіктер мен зат есімдіктер ді келістіру	зат есімдіктер мен сан есімдіктер дің септіктік формалар ын көмекші сөздермен қолдану	сан есімдіктер ді жанама септіктегі көпше зат есімдіктер мен келістіру	қарапайым лексикалық - грамматика лық құрылымда рды құру және қолдану	күрделі лексикалы қ- грамматик алық құрылымд арды құру және қолдану
--	---	---	--	---	---

3) «Геометрия элементтері» бөлімі:  
3-кесте

Бөлімшеле р	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Геометрия лық фигуралар және олардың жіктелуі	0.3.1.1 қарапайым геометрия лық фигуралар ды тану және атау, нүкте, түзу сызық, қисық сызықтар кесінді	1.3.1.1 геометрия лық фигуралар ды тану және атау: нүкте, түзу, қисық және бүгілме, тұйықталғ ан және тұйықталм аған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрыш	2.3.1.1 бұрыштард ың түрін тану және атау (тік, сүйір, доғал)/ тікбұрышты ң, шаршының, тікбұрышты үшбұрышт ың маңызды белгілерін анықтау	3.3.1.1 шеңберді, дөңгелекті және олардың элементтері н тану және атау (центрі, радиусы, диаметрі),с имметриял ық және и симметрия емесжалпақ фигуралард ы ажырата білу және оларды айналадағы заттармен сәйкестету	4.3.1.1 көру тірегі арқылы тікбұрышт ы үшбұрышт ы, куб, тікбұрышт ы параллеле пипедті және олардың элементте рін тану және атау(ұшта ры, қабырғала ры, қырлары)
	0.3.1.2 көпбұрыш тарды	1.3.1.2 жалпақ фигуралар	2.3.1.2 көпбұрышта рды үлгі	3.3.1.2 геометриял ық	4.3.1.2 сөздік нұсқау

	(үшбұрыштар, төртбұрыштар) элементтерінің (бұрыштары, жақтары) саны бойынша ажырата білу	ды (үшбұрыш, шеңбер, шаршы, тікбұрыш), кеңістікті фигураларды (текше, шар, цилиндр, конус, пирамида) ажырата білу және оларды айналадағы заттармен сәйкестету	бойынша жіктеу	фигураларды көру тірегі арқылы жіктеу	бойынша үшбұрыштарды жіктеу
0.3.1.3 берілген кесіндінің ұзындығын өлшеу, екі кесіндіні салыстыру	1.3.1.3 геометриялық фигуралар жақтарын өлшеу және салыстыру (үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)	2.3.1.3 көпбұрыштар жақтарының, айналадағы заттардың ұзындығын өлшеу, периметрлерін табу формулаларын жалпылау, құрастыру және қолдану $P = (a+b) \cdot 2$ , $P = a \cdot 4$ , $P = a+b+c$	3.3.1.3 бағыттаушы көмек арқылы тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын құрастыру $S = a \cdot b$ , және шаршының $S = a^2$ , тікбұрышты үшбұрыштың $S = (a \cdot b) : 2$ , және айналадағы заттардың	3.3.1.3 бағыттаушы көмек арқылы тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын құрастыру және қолдану ( $V = a \cdot b \cdot c$ )	4.3.1.3 тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табу формуласын құрастыру және қолдану ( $V = a \cdot b \cdot c$ )
	1.3.1.4 кесіндінің бірнеше бірлікке	2.3.1.4 бағыттаушы көмек арқылы	3.3.1.4 бағыттаушы көмек арқылы	4.3.1.4 сөздік нұсқау бойынша	

		көбейткен дегі немесе азайтқандағы ұзындығын табу	фигураның белгісіз жағын периметрі және белгілі жақтары арқылы табу	суретте бейнеленген құрамдастырылған фигуралардың, сөздік нұсқау бойынша айналадағы жалпақ фигуралардың периметрін анықтау	суретте бейнеленген құрамдастырылған фигуралардың, айналадағы жалпақ фигуралардың ауданынан ықтау
		1.3.1.5 берілген жақтары бойынша шаршы және тікбұрыш құрастыру	2.3.1.5 периметрдің берілген мәндері бойынша жалпақ фигуралар құрастыру, бірлескен әрекет деңгейінде фигураның формасын өзгерткенде периметр қалай өзгеретінін түсіндіру	3.3.1.5 ауданның берілген мәндері бойынша жалпақ фигуралар құрастыру, бағыттаушы көмек арқылы фигураның формасын өзгерткенде ауданы қалай өзгеретінін түсіндіру	4.3.1.5 жалпақ фигуралардың құрастырылуын симметриялық өсіне қарасты толықтыру ; бағыттаушы көмек арқылы бұрыштың мәнін табу
0.3.1.6 қарапайым математикалық терминология материалында ашық буындағы үш	1.3.1.6 математикалық терминология материалында дауыссыздары сөздің ортасында	2.3.1.6 математикалық терминология материалында дауыссыздары сөздің басында	3.3.1.6 тілде математикалық терминологияны қолданғанда екі тоғысуы бар үш	4.3.1.6 тілде математикалық терминологияны қолданғанда ашық буындағы төрт	

	буынды сөздерді айту	жиналған және ашық буындағы екі буынды сөздерді айту	жиналған және жабық буындағы екі буынды сөздерді айту	буынды сөздерді айту	буынды сөздерді айту
3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	0.3.2.1 жазықтықта түзу, қисық сызықтарды бейнелеу	1.3.2.1 жазықтықта түзу, қисық, тұйықталған және тұйықталмаған бүгілме сызықтарды/ нүктелік қағазда қарапайым жалпақ фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш) бейнелеу	2.3.2.1 позициясы, бағыты және қозғалысы жөнінде нұсқауға сүйеніп кесінділер, түзулер және геометриялық фигураларды нүктелік қағазда сызу	3.3.2.1 нүктелік қағазда параллель және қиылысатын түзулерді сызу, қиылысатын жалпақ фигураларды сызу және олардың қиылысу аймағын табу	4.3.2.1 нүктелік қағазда перпендикуляр түзулерді, симметриялы және симметрия емес жалпақ фигураларды сызу
	0.3.2.2 берілген ұзындықта кесінді сызу	1.3.2.2 берілген ұзындықта кесінді сызу	2.3.2.2 түзу сызық сызу	3.3.2.2 тік төртбұрыш, шаршы құрастыру (берілген жақтары бойынша), циркуль көмегімен шеңбер сызу	4.3.2.2 берілген градусық өлшем бойынша бұрыш, екі жағы бойынша тікбұрышты үшбұрыш, радиусы бойынша шеңбер

					сызу; бұрыштық тың көмегімен түзуге перпендик уляр сызу
0.3.2.3 үлгі бойынша жалпақ фигуралар моделдері мен және олардың бөліктерім ен композици ялар құру	1.3.2.3 жалпақ фигуралар моделдері мен және олардың бөліктерім ен композици ялар құру	2.3.2.3 жалпақ фигуралар моделдерін бөліктерге бөлу және олардан композиция лар құру	3.3.2.3 кеңістікті геометриял ық фигураның жаймасын дайындау (текше, тікбұрышты параллелеп ипед) және бірлескен әрекет деңгейіндео ныңмоделін жинау	4.3.2.3 кеңістікті геометрия лық фигураның жаймасын дайындау (пирамида, цилиндр, конус) және бағыттауш ы көмек арқылы оныңмоде лін жинау	
0.3.2.4 геометрия лық фигуралар арасындағ ы негізгі қатынаста рды түсіну (үлкен- кіші, биік- аласа, кең- тар)	1.3.2.4 геометрия лық фигуралар арасындағ ы негізгі қатынаста рын (үлкен- кіші, биік- аласа, кең- тар, жалпақ- жіңішке), бағытын және қозғалысы н (оңғасолға, тура)	2.3.2.4 нұсқау бойынша іс- әрекеттерді орындау және бастапқы позицияны, бағыт пен қозғалысты анықтау (оңға, солға, тура, толық бұрылыс, бұрылысты ң жартысы, төрттен бірі, сағат тілімен және тіліне	3.3.2.4 солға, оңға бұрылуы, жоғарғы, төменгі, бүйірлі көрінісі арқылы кеңістіктегі фигуралард ың жай- күйлерінің өзгерістерін түсіндіру	4.3.2.4 симметрия лы және симметрия емес жалпақ фигуралар ды ажырата білу және оларды айналадағ ы заттармен сәйкестеу	

		анықтау	қарсы)		
	0.3.2.5 айналадағ ы заттардың орналасуы н, бағытын түсіну (алдында- артында, оң жақта- сол жақта, жоғарыда- төменде, ортасында, қатар, үстінде, астында, жақын- алыс)	1.3.2.5 айналадағ ы заттардың орналасуы н, бағытын анықтау (алдында- артында, оң жақта- сол жақта, жоғарыда- төменде, қатар, үстінде, астында, ішінде, сыртында, ортасында )			
	0.3.2.6 көрсетілім бойынша саусақтық гимнастик а жасау	1.3.2.6 қол маассажен қайталап жасау	2.3.2.6 саусақтық гимнастик аны жасай білу	3.3.2.6 өз саусақтары мен қол буындарын а массаж жасау	4.3.2.6 саусақтар ы мен қол буындары на массаж жасау
3.3 Нүктелер координат тары және қозғалыс бағыты	0.3.3.1 сандық сәуледегі нүктелерді ң орналасуы н бақылау	1.3.3.1 бағыттауш ы көмек арқылы сандық сәуледегі нүктелерді ң бір- біріне қарасты орналасуы нанықтау	2.3.3.1 түзудегі белгіленген нүктелердің бір-біріне қарасты орналасуын анықтау	3.3.3.1 сөздік нұсқау бойынша жалпақ фигурадағы белгіленген нүктелердің бір-біріне қарасты орналасуын анықтау	4.3.3.1 бағыттауш ы көмек арқылы қозғалысы ның басы мен бағытын пайдалана отырып нысандард ың қозғалыс сызбасын кұрастыру,

					тиісті есептеулер жүргізу
					4.3.3.2 нысандардың бастапқы позициясы мен қозғалыс бағытын анықтау (қарсы алдынан және қарама-қарсы бағыттарда)
	0.3.3.3 қағаз парағында бағдарлай білу	1.3.3.3 қағаз парағында және дәптерде бағдарлай білу	2.3.3.3 жазықтықта бағдарлау бойынша практикалық жаттығулар орындау	3.3.3.3 жазықтықта және кеңістікте бағдарлау бойынша практикалық жаттығулар орындау	4.3.3.3 жазықтықта және кеңістікте еркін бағдарлай білу

4) «Жиынтықтар. Логика элементтері» бөлімі:  
4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып

